

**Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау оралығы» жұмысының жылдық есебі**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы – ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

**Мақсаты:** балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшету, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

**Міндеттері:**

- 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- 2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша 1-9 сыныптардың ата-аналарына «Сапалы үйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы», «Жасөспірімдерге үйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері» тақырыптарында іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту. ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту.

[https://www.instagram.com/reel/DBwqnwYR205/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DBwqnwYR205/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Қазан айында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша 1-9 сыныптардың ата-аналарына «Дұрыс тамақтану әдет ғұрыптың құру», «Здоровый рацион для всей семьи» тақырыптарында жиналыстар өтті. Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту. эмоционалды құзыреттілігін, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі реттеу, эмпатия және қарым-қатынасты реттеу дағдыларын дамыту.

[https://www.instagram.com/reel/DBwqWyAxdrJ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DBwqWyAxdrJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Қараша айында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша 1-11 сыныптардың ата-аналарымен «Әрбір бала – жарық жүлдіз», «Балаға үйрету: ақылынды мейірімге орап бер», «Балаға өз бейімділігін табуға қалай көмектесуге болады» тақырыптарында іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз

баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру, жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетінмен баланың өзін-өзі көрсетуіне дайындығын дамыту.

[https://www.instagram.com/reel/DC3PiT2ofUN/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DC3PiT2ofUN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==)

2024 жылғы 20 желтоқсан күні «Логикалық ойлауды үйрету», «Балаңыздың ой-пікірін ояну» тақырыбында ата-аналарға отбасылық құндылықтар мен отбасындағы бала тәрбиесі және туындаған мәселелердің шешімін қалай табуға болатыны жайлы сөз қозғады. Ата-аналар өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, пікірлерін ортаға салды.

[https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==)

2024 жылдың 17 қаңтар күні 1-9 сынып ата-аналарының қатысуымен «Отбасылық келісімнің кепілі – сенімді қарым қатынас», «Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өтті. Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналарды педагогикалық қолдау бағытындағы тәжірибелермен бөлісу және позитивті тәрбиенің маңыздылығын түсіндіру. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері, жағымды эмоцияларға басымдық беру. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ұлттық бастаулары: ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, тәрбие үрдісінде позитивті көзқарас қалыптастыру. Жиналыс ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы әлеуметтік әріптестікті нығайтуға және тәрбиенің тиімді тәсілдерін талқылауға бағытталды. Қатысушылар тарапынан оң пікірлер мен ұсыныстар айтылды.

[https://www.instagram.com/reel/DFYbWduIpqC/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DFYbWduIpqC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==)

6 ақпан күні «Баланы өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі», «Бұлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы» тақырыбында ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша дәріс өткізді. Ұл мен қыз тәрбиесінің ерекшеліктері мен маңыздылығы туралы ой, пікірлерін ата-аналар ортаға салып, тәжірибелерімен алмасты. Мақсаты: ата – ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақыру және баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

[https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==)

13 наурыз аралығында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында 1-9 сыныптарда «Балаңыз төтенше жағдайға жағдайға дайын ба?», «Балалардың өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі», тақырыптарында алтыншы ата-аналар жиналысы өтті.

[https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DEE2J40Iv4R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzR1ODBiNWFIZA==)

23 мамыр күні 1-9 сынып ата-аналарының қатысуымен «Бақытты ана құпиялары», «Әкелік – бала бақыттың қайнар көзі» тақырыбында ата-

аналарды педагогикалық қолдау бойынша жиналыс өтті. Мақсаты: Ата-ананың күйзеліске қарсы тұру және баласына да осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру. Жиналыста ата-аналардың баласын күйзеліске төзімділікке үйрету дағдысын дамытуға, күйзелістің көріністері және одан шығу әдістері туралы, мінез-құлқын эмоционалдық реттеу және баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етуде мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеті туралы түсініктер беріп, күйзелісті ресурстық қүйге айналдыру дағдыларын қалыптастыру және баланың күйзеліске төзімділігін арттыру құралдарын қалай меңгеру керектігі бойынша дәріс беріліп, ата-аналар өз ойларын ортаға салды...

[https://www.instagram.com/reel/DBwqWyAxdrJ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/DBwqWyAxdrJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA==)

ДТЖО:



Аманхосов А.Ж.